

2013 жылға арналған субсидия алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімдерді ұсыну мерзімдерін және ауыл шаруашылығы дақылдарын оңтайлы себу мерзімдерін белгілеу туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 6 мамырдағы № 174 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 17 мамырда № 4132 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысымен бекітілген, Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасының 12-тармағына сәйкес, Әуликөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Субсидия алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімдерді ұсыну мерзімдегі 2013 жылғы 1 сәуірден бастап 1 маусымға дейін белгіленсін.

2. 2013 жылға арналған субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері бойынша оңтайлы себу мерзімдері осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі және 2013 жылғы 1 сәуірден бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Аудан әкімі

Ж. Нұрғалиев

КЕЛІСІЛДІ:

"Әуликөл ауданы әкімдігінің
ауыл шаруашылығы бөлімі"
М М б а с ш ы с ы

_____ А.С. Нұғыманов

Ә к і м д і к т і ñ

2 0 1 3 жылғы 6 мамырдағы

№ 174 қаулысына қосымша

2013 жылға арналған субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері бойынша оңтайлы себу мерзімдері

№ р/т	Ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы	Себу мерзімдері

1	Жазғы бидай	15 мамырдан 5 маусымға дейін	бастап
2	күздік бидай	25 тамыздан 10 қыркүйекке дейін	бастап
3	бұршақ тұқымдас дақылдар	15 мамырдан 5 маусымға дейін	бастап
4	майлы дақылдар	15 мамырдан 30 мамырға дейін	бастап
5	жемшөптік дақылдар	15 мамырдан 10 маусымға дейін	бастап
6	көпжылғы бұршақ тұқымдас шөптер 1-3 өсу жылдарындағы	бірінші мерзім - 1 мамырдан 31 мамырға дейін, екінші мерзім - 5 шілдеден бастап 10 қыркүйекке дейін	
7	сүрлемдік жүгері, күнбағыс	15 мамырдан 31 мамырға дейін	бастап
8	көкөністер	25 сәуірден 10 маусымға дейін	бастап
9	бақша дақылдары	25 сәуірден 10 маусымға дейін	бастап
10	картоп	10 мамырдан 31 мамырға дейін	бастап
11	көпжылдық шөптер (шабындық жерлерді шалғындандыру үшін егілген)	бірінші мерзім - 1 мамырдан 31 мамырға дейін, екінші мерзім - 5 шілдеден бастап 10 қыркүйек дейін	

Бұл ұсыныстар жыл бойғы ауа райының орташа климатына есептелген, ауа райының қолайсыз болған жағдайында егіс мерзімі жылжытылуы мүмкін.